

References:

- 1 *Babalar sözi: Jüz tomдық. –Astana, Foliant, 2008. T.47: Batyrlar jyry. –2008.- 424.*
- 2 *İusuf bei-Ahmet bei (Bozoğlan) destany, Özkan İsa. –Ankara, Kültür Bakanlyғы iaiynlary, –1989.- 749.*
- 3 *Äuesbaeva P. «Bozūğlan. Ahmetbek-Jüsıpbek» jyrynyñ jinalu tarihy// Ş. Uälihanov atyndaғы Kökşetau MU Habarşysy. Kökşetau, 2017. № 2, 154–164b.*
- 4 *Abai (İbrahim) Qūnanbaiüly. Şyğarmalarynyñ eki tomдық tolyq jinaғы. – Almaty, Jazuşy baspasy, 2005, 1.tom.*
- 5 *Jansügirov I, Qūlager (poemalar men öleñder) – Almaty, Jazuşy baspasy, 1974.*
- 6 *Qaidarov A. Halyq danalyғы, –Almaty, Toғанai T baspasy, 2004.*
- 7 *Qosan S. «Jüsıp-Ahmet» dastanynyñ qazaq-türkimen nūsqalary// Ülysaralyq türkologialyq kongres. – Türkıstan, 2013,474-483bb.*

МРНТИ 17:82.30

Жанбершиева Ұ.Н. ¹

*¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ.,Қазақстан*

АБАЙ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЙ АЙНАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Абай Құнанбаев шығармашылығы танымдық идеялар тұрғысында қарастырылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Абай және XX ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласын негізге ала отырып, Абай әлемі құрылды. Абай шығармаларының көмегімен ұлттық код, ақын болмысының даналығы талданды. Абай шығармаларының бүкіл мәнін зерттейтін ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, ақын шығармашылығындағы “толыққанды” адам термині талданып, ой-пікір пайымдалды. Адамгершілікке деген сүйіспеншілік, ұлы адамның ұлылығы, ақыл, білім, байлық, шыншылдық, күшті болуға, жақсылыққа деген ұмтылыс ойлары ғылыми тұрғыдан негізделді. Ұлттық бірегейлік, ұлттық намыс, ұлттық сапа, осының бәрі ақынның рухани келбетін ашты. Ақынның тұлғасына, мәніне және ақын шығармашылығының барлық құрылымына ғылыми талдау жүргізілді.

Абайдың ұлттық руханияттағы рөлі анықталды. Оның өлеңдері мен қара сөздеріндегі ерекшеліктер әдеби-теориялық тұрғыда талданды. Абайдың кейбір жұмбақ сырлары фактілермен дәлелденді. Адамның табиғи қасиеттері мен қоршаған әлемді тануға деген құштарлық Абай шығармашылығында талданады. Өмір туралы қорытынды пікірмен Абайдың өмір жолын философиялық тұрғыдан тануға айналған шығармаларына талдау жасалынды.

Түйін сөздер: толыққанды тұлға, даналық, ойшыл, руханилық, қара сөздер, ұлттық болмыс, ұлттық мұра және дін, дүниетаным

Zhanbershieva U. ¹

*¹ Kyzylorda University Korkyt Ata,
Kyzylorda, Kazakhstan*

ABAY – A MIRROR OF THOUGHT OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

The article deals with cognitive ideas in the work of Abay Kunanbayev. Reflects the spirit of the wise poet on national knowledge, national identity, national Outlook, religion and language.

Based on the article of the President of the Republic of Kazakhstan Kasym-Jomart Tokayev "Abay and Kazakhstan in the XX century", the world of Abay was created. Thus, with the help of Abay's works, the national code was identified and the wisdom of the poet's existence was analyzed. The future of the entire spirituality of culture was proved by the deep feature of Abay's work. In addition, referring to the works of scientists who study the entire essence of Abay's works, the term "full-fledged" person was noted in the

poet's work. The exemplary life of Abay's works is connected with his spiritual integrity. The life principles and attitudes of the poet were expressed in significant and valuable works that answer the most important questions of the present and future. The ideas of love for man, the greatness of the great, reason, knowledge, wealth, justice, good deeds, the desire of the heart, the desire to be strong, the desire for good were justified first of all. A scientific analysis of the personality, essence of the poet and the entire structure of the poet's work was carried out. The role of Abay's national spirituality was identified. Features in his poems and words of edification were analyzed in a literary and theoretical context. Some of Abay's mysterious secrets were proved by facts. With the final opinion about life, the works of Abay, which became a philosophical recognition of the life path, are analyzed. A scientific review was conducted that Abay is a critic, a sage, a deep thinker, and a witty person. Abay's legacy is the legacy of the younger generation and the continuation of the waves of the era.

Keywords: full-fledged personality, wisdom, thinker, spirituality, words of edification, national being, national heritage and religion, worldview

Жанбершиева Ұ.Н.¹

¹ *Қызылординский университет имени Коркыт Ата,
Қызылорда, Казахстан*

АБАЙ – ЗЕРКАЛО МЫСЛИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

В статье рассматриваются познавательные идеи в творчестве Абая Кунанбаева. Отражает дух мудрого поэта на национальном знании, национальной идентичности, национальном мировоззрении, религии и языке. Основываясь на статье Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаева “Абай и Казахстан в XX веке” был создан мир Абая. Чтобы возродить национальное самосознание, нужно возродить историю. Таким образом, с помощью произведений Абая был выявлен национальный код и проанализирована мудрость бытия поэта. Будущее всей духовности культуры была доказано глубинной особенностью творчества Абая. Кроме того, ссылаясь на работы ученых исследующих всю сущность произведений Абая был отмечен термин “полноценный” человек в творчестве поэта. Образцовая жизнь произведений Абая связана с его духовной целостностью.

Идеи любви к человеку, величия великого, разума, знания, богатства, справедливости, добрых дел, стремления сердца, стремления быть сильными, стремления к добру были обоснованы прежде всего. Национальная идентичность, национальная честь, национальное качество, все это раскрыло духовный облик поэта. Была опознана роль национальной духовности Абая. Особенности в его стихах и словах назиданий были анализированы в литературно-теоретическом контексте.

С заключительным мнением о жизни, проанализированы произведения Абая, ставшие философским признанием жизненного пути. Был проведен научный обзор о том, что Абай и критик, и мудрец, и глубокий мыслитель, и остроумный человек. Наследие Абая является наследством подрастающего поколения и продолжением волн эпохи

Ключевые слова: полноценная личность, мудрость, мыслитель, духовность, слова назидания, национальное бытие, национальное наследие и религия, мировоззрение

Кіріспе. Қазақ халқының біртұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін Абай Құнанбаев - өз ұлтының шыншыл жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген ойшыл ақын. Ол қазақ халқының болашағы үшін қызмет етіп, оны мәдениет нұрына үндеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында: “Абай шығармаларындағы ұлттық болмыс, бітім, тіршілік –тұрмыс дүниетаным, мініз, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген құбылыс болған”, - деген болатын. [1,4]

Әрине, қазақ халқының біртұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің асқар шыңын бейнелейтін Абай-қазақ үшін ұлы құбылыс.

Тарихты тірітпей ұлттық сананы жаңғырту мүмкін емес. Сондықтан да қазақтың кара өлеңімен әлем әдебиетінің биігіне шыққан ақын Абайдың кемеңгерлік болмысын тани түсу қажет.

Алысты болжаған терең ойдың, үлкен сарынының ақыны Абай алды-артын шолып, қазақтың әдебиеті ғана емес, бүкіл рухани мәдениетінің келешегіне жол сілтеп кетті.

Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы “Қазақтың бас ақыны” деген мақала жариялап, “Бұрынғы соңғы заманда қазақ баласында Абайдан асқан ақын болған жоқ”, -деп түйген еді. Осы баға әлі күнге дейін өз күшінде. Алдағы уақытта да дәлдене бермек. [2,217]

Абай шығармаларын зерттеп, зерделеуші ғалымдар жеткілікті, бірақ М. Әуезовтей зерттеген ешкім жоқ. Абайтану ғылымының негізін салған ұлы ғұламаның өзі: “Абай шығармаларының жұмбақ сырлары әлі ашылған жоқ”, - деген. Абайдың өзі: “Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла”, - Абай әлемінің жұмбақ сырлары әлі де ашыла бермек. Абай келер нәсіл адамына бар сырын ашып, мұң шағады. [3,169]

Әдістеме. Абайды түсіну үшін Абайдың деңгейіне көтерілу керек. Оның өз заманасы емес, қазір де ұлағатты ойларын түсінгенмен, жұмбақ сырларын түсініп болдық дей алмаймыз. Абайтанушылар Абай туралы қанша зерттеу еңбек жазғанымен, әлі ашылмаған қырлары мен сырлары көп.

Абайдың ұлылығы-ол тарихи жағдайларда адаспай, алар бағытын, түсер жолын дәл тауып, қазақ елін ұлы орыс халқының бауырына бейімдеп, сол ұлы халықтың ұлы мәдениетіне құшағын кең аша ұмтылуында. Ойлы ақын Абай патша отаршылдығының тұсында-ақ орыс халқының шын тұлғасын дұрыс таныған. Орыс классиктерімен толық үндесудің бірінші нәтижесі, қазақ поэзиясының өзіне дейінгі халін басқа елдердің әлдеқашан басып өткен кезеңі деп тапты.

Абай шығармашылығындағы негізгі бағыт – қоғамдық құрылыстың бейнесі, қалың бұқараның халі, сонымен байланысты туып отырған бүкіл қазақ атты ұлттың тағдыры, оның болашағы, келер буын ұрпақ тағдыры.

Абай алдымен адамды сүю, ұлыдан ұлағат үлгі алуды айтып, шарқ ұрып толық адамды іздейді, барлық ізгілікті жастар бойынан көргісі келеді. Осы ойларын ақын:

*Заман ақыр жастары,
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа,
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы [11,140]*

Өлеңнен алар ғибрат сонда толық адам ілімін рухани тұтастыққа айналдыру. Абай танымында толық адам-ақыл, білім, дәулет, әділет, жақсылық жасау, жүрек қалауымен қайратты болуды ізгілікке жұмсаған адамды толық адам деп санайды. Толық және жарым адамды қарама-қарсы қою арқылы терең мағыналы таным жасаған.

Нәтиже. Халық тағдыры қай кезең, қай дәуір болмасын, қоғамдық құрылысқа, ел басқарушылардың ұстанған саясатына байланысты. Осы жәйтті мейлінше ұғынған ақын:

*Елде сияз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ түр әр түрі,*

- деп халықты мүшкіл халге душар етіп отырған патшалық құрылысты батыл сынап отырған.

Ұлы ойшылдың ақындық өнері – өз дәуірінің басты сұрақтарына жауап беретін, мазмұны терең, құнды туындылар. Ел басқаруда ұстанған саясатпен байланыс өріледі. Он сегіз мың ғаламшарда адамды ерекшелейтін ақыл болса, Абай ақыл көрінісін толық адам белгілерінен іздейді.

*Ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек,*

- деп ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сияқты тұжырымдауы адамның басқа жан иелерінен артықшылығы демек. Осы ойын он жетінші қара сөзінде де айтады. Қайрат пен ақылдың маңызын бағалау және жүрек әмірінің қуатын ұқтыру туралы байыптаулар жасаған.

“Ақыл, қайрат, жүрек осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет”, -деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен”, -деген [5,41].

Абай мықты болсаң өзіңді жең, ақылды тыңдайтын болыс, би, бай жоқ. Ақыл айтқың келсе, ұлық бол, иә бай бол деп, ой түйеді.

Ол ақыл ұғымын философиялық даналыққа құрып, ізгілік иесін адам десе, сол адамның ақыл-ары арқылы көрініс тапқан.

Талқылау. Елдік билік, ұлттық намыс Абай қара сөздерінде мол кездеседі. Ұлттық тұғыры негізі жоқ елдің елдігі де болмайды, ұлттық намыс жоқ елде, ұлттық қасиет те болмайды. Сондықтан Абай шығармаларындақ ұлттық болмыс, ұлттық бітім, ұлттық мінез, діні мен тілі рухы көрініс тапқан.

М.Әуезов: “Абайдың халықтығы мынада, ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп оның тарихи келешегін көрсетіп береді”, - дейді. [3,189].

Әуезов Абайдың перзенттік, азаматтық танымын, рухани келбетін осылай ашқан. Демек, Абай өз ұлтын ұлттық кемелдікке жеткізуді ойлаған. Абай дәуірінен бері талай буын алмасты, тарих өз ізін қалдырады, уақыт озған сайын биіктей түседі.

Абайдың дана ойшылдығын Орынбеков: “Абайдың жұмбақ сырын түсінуге талпынып көрдік пе? Көрсек не түсіндік! Абайдың: “Дүние-үлкен көл, заман-соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, артқы толқын-інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер”, - [9.15] деген ойын қалай түсіндік? – десе, Ғ.Есім: “Екі дүние бірі-жалған, екіншісі бақи ғұмыр. Тақуа болмысы осы дүниені жоққа шығарады, ол дүниеге бой алдырғандар, бақи ғұмырды естерінен шығарып жібереді. Абай болса, екеуіне ортақ болар сана іздестіру жағында” - Абай дінін ақылдың шарты деп, жаратылыс сырын философия тілімен түсіндіреді. Қысқасы, шындықты мойындау – Алланы мойындау. Бұл - Абай гуманизмінің көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға адамшылық жасау [8,93].

Ақын өнердің маңызын, оның қоғамға қатысын саралай келе, өлең жазу еріккеннің ермегі емес, өнердің қадірін кетірмеу керек деп ой түйеді. Өнердің игі мақсаттарын айқын түсінген Абай:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін [11,103],*

- деп өлең жазған ақын өмір оқытушысы, үгітшісі деп танып, көкірегі сезімді, тілі орамды, жастарға үлгі боларлық, өлең жазудың шебер үлгісін көрсетіп берді.

“Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел”, “Бірінді, қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос”, “Ынсап, ұят, ар-намыс біздің елден жүр шалыс”, “Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып”, - тәрізді сөздері бұл күнде сөз төркінін танитын екінің бірінің аузында нақыл, қағида болып айтылып жүр.

Ұлы ақын -өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларын жете ашқан. Елдегі қулар мен пысықтардың бетін ашып, пысықсыған қазақ даукестерін өлтіре мысқыл етті.

Бұдан кейін болыстардың іс-әрекеттерін сақтап сынап,

*Қайнайды қаның,
Ашиды жаның.
Мінездерін көргенде*

- деп, бұларға қарсы қаны қайнап, халыққа жаны аштынынын сездіреді.

Ақын сөзімен айтқанда:

*Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қааштым
Жалма-жан,*

- деп ол топтап біржола қол үзіп, қалың халықтың ортасына енеді.

Осылайша, Абай кезіндегі ел билеушілерге қарсы шығып, олардың қылмыстарын бетіне басады, ел мұңын, халық тілегіне үн қосады. Іреңі кеткен қазақ елінің бейнесін:

“Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деген әйгілі өлеңінде:

*Бас-басыңа би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ- па елдің сиқын.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың, деп түйрейді.*

Бұдан кейін халықтың санасын оятып, ой салғысы келеді:

*Өтірік, ұрлық,
Өкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын [4],*

- деп өмір шындығына сын көзбен қарап таныған әлеуметтік көзқарасы айқын, теңсіздік пен қайшылықты ақындық шабытпен жырлайды.

Абай өлеңдеріндегі беті ашық әлеуметтік мәселенің бірі – қазақ әйелдерінің жайы, жастардың махаббат, еркіндік мәселесі. Бұл тақырып адамгершілік идеясымен ұштасып жатады. Қалың малдың құрбаны болған, басында билігі, өзінде еркі жоқ қазақ қыздарының тағдырына да мән бере қараған. “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” деген өлеңде зорлыққа, қара күшке бас имей, ханның байлығына да қызықпай, өз арын жоғары ұстаған қыздың жүрек күшін сүйсіне жырлап:

*Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлады терең суға, -дейді.*

Гуманист ақын өлеңдерінде адам баласын достыққа үндеп отырады. Үй-іші, жолдасымен шын дос болып, тату-тәтті өмір сүру дүниенің қызығы дей келе:

*Пайда, мақтан –бәрі тұл,
Доссыз ауыз тұшымас[4], деді.*

Дана ақынның шығармаларындағы ерекше орын алатын - ағартушылық идеялары. Өнер-білім, тәрбие мәселесіне арнаған өлеңдері өз алдына бір төбе.

Қазақ халқын дамыған елдер қатарына қосу үшін күллі қазақ қоғамы осы кертартпа қырсықтан – ел басқарушылардың зорлық-зомбылығынан, пысықтардың алаяқ қулық-сұмдығынан, халық арасындағы надандық, бойкүйез еріншектіктен, талапсыздықтан арылу керек деп санады. Сондықтан ол елді осындай кері жетелейтін мінезден арылтпақ болып, жастарды өнер-білім қууға шақырды. Өркенді, мәдениетті болудың кілті өнер-білімде, ғылымда деп, мәдениеті өскен, өнерлі елдерден үйренуге шақырды.

*Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз,*

- деген өнегелі өсиетінде дүние, мал ғылыммен жеңіл табылады деген тұрғыдан танып, ұғынуымыз керек. Абайтанушы М.Мырзахметов: “Абай өзінің 38 қара сөзіндегі ғақлия-нақлия туралы пікіріне Ғұлама Дауанимен байланыстырып қарастырған”, -дейді [7.,28]. Бұл-Абайдың программалық өлеңі. Адам болам десеңіз танымның үш түрін атап өтеді. Абай Ә. Науай арқылы тәжік ғалымы-ақын Ғұламаһи Дауанидің шығармаларын білген. Мұны жазған білген құл, Ғұламаһи Дауани”, -дейді. Шын ықыласпен, көңіл бөліп, ғылымның соңына түс деп ақыл береді.

Тіл шеберлігі жағынан да ерекше көзге түседі, ол қазақ әдебиетінде өлең кестесінің үлгісін жасап берді. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған ақындық өнердің күрескері болды.

Ақынның өз сөзімен айтқанда: “Сөз түзеледі, сен де түзел” , -деп поэзияның қоғамдық міндетін түсіндіргендей.

Сөз өнерінің кемел суреткері Абайдың шығармалары қазақ өмірінің айнасы тәрізді. Абай поэзиясы ақын өзі өмір сүрген тұтас бір тарихи дәуірді. жан-жақты барынша толық бейнелеп берді дейміз. Бірақ оның шығармалары жарты ғасырды қамтитын тарихи дәуірді танытады деу аз. Қоғам көшіндегі бір елеулі кезеңді бейнелеу арқылы халықтың тағдырын, ұлттың мінез-құлқын тарихи

тұрғыдан кең арнадан алып, қоғам көшінің жеткен жерін ғана емес, өткен жолын да танытарлықтай етіп, көрсете білген.

Ақын шығармашылығын түгелдей талдап шығу мүмкін емес, оның өлеңдері, қара сөздері, поэмалары т.б. әрқайсысы жеке-жеке зерттеуді қажет ететін мол дүниелер.

Қорытынды. Біз тек Абайдың өлеңдерінің қоғам өміріндегі рөліне тоқталдық. Абай шығармаларын түгелдей алып қарағанда да, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі – тарихи принцип, яғни, ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екіншісі – бүгінгі заман тұрғысынан қарап бағалау.

Академик С. Қирабаев: “Абайдың саяси - қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасын кең ашу - алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың сөзі керек”,- деген [10,37]. Бүгінгі күнде ақынның мұралары ұрпақтарға мирас болып қала беретіндігі, тарихи-әдеби дамудың үзілмейтін, ұласа білетін жалғастығы екені сөзсіз.

“Ғылым саласы еліміздің экономикалық және әлеуметтік өзгерістерінің іргелі ресурсы саналатын ұлттық мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Көптеген жағдайларда ғылыми әлеует елдің әлемдік қоғамдастықтағы орнын, сыртқы нарықтағы бәсекелестік күрестегі перспективаларын және оның ішкі мәселелерін шешу мүмкіндігін анықтайды” [12] - дегенді ескерсек, Абай шығармашылығын зерттеу, ғылыми айналымға ендіру ешуақытта күн тәртібінен түспеуі тиіс. Сөз өнерінің кемел суреткері Абайдың шығармалары-қазақ өмірінің айнасы. Бүгінде оның мұралары ұрпаққа мирас болып, тарихи дәуірде үзілмейтін, ұласа беретін жалғастығы деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тоқаев Қ. “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан”. “Қазақ әдебиеті” газеті 10.01.2020 жыл. 4-бет-мақала
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жазушы 1991-464б.-кітап
- 3 Әуезов М. Абай Құнанбайев. – Алматы: Санат 1995-320б.-кітап
- 4 Құнанбаев А. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: 1995ж.-кітап
- 5 Абай қара сөз, поэмалар-Алматы: Жазушы 1992-272б.-кітап
- 6 Абай Құнанбаев 2-томдық шығармалар жинағы-Алматы: Жазушы, 1986-304б.-кітап
- 7 Мырзахметов М. Абайтану тарихы.-Алматы: Ана тілі, 1994-192б.-кітап
- 8 Есім Ф. Хакім Абай. –Астана: Фолиант, 2012-400 б.-кітап
- 9 Орынбеков М. Абайдың философиялық көзқарастары. –Алматы: Ғылым, 1999-260 б.-кітап
- 10 Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері (ұжымдық монография) – Алматы: Ғылым, 2002-274 б.-кітап
- 11 Абай. Өлең – сөздің патшасы. - Семей – Жидебай: Халықаралық клубы, 2006 – 543 б. - кітап
- 12 Тлесова Эльвира, Хойч Айжан, Кураш Назерке \\Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. 5 (321), 2018ж \\ <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;-мақала.

References:

- 1 Toqayev Q. “Abai және ХХІ ғасырдағы Қазақстан”. “Qazaq әdebieti” gazeti 10.01.2020 jyl.4-bet-maqala
- 2 Baitürsynov A. Aq jol maqalalar және әdebi zertteu. – Almaty: Jazuşy 1991-464b.-kitap
- 3 Äuezov M. Abai Qūnanbaiev. – Almaty: Sanat 1995-320b.-kitap
- 4 Qūnanbaev A. Tolyq şyğarmalar jinağy. – Almaty: 1995j.-kitap
- 5 Abai qara söz, poemalar-Almaty: Jazuşy 1992-272b.-kitap
- 6 Abai Qūnanbaev 2-tomdyq şyğarmalar jinağy-Almaty: Jazuşy, 1986-304b.-kitap
- 7 Myrzahmetov M. Abaitanu tarihy.-Almaty: Ana tili, 1994-192b.-kitap
- 8 Esim Ğ. Hakım Abai. –Astana: Foliant, 2012-400 b.-kitap
- 9 Orynbekov M. Abaidyñ filosofialyq közqarastary. –Almaty: Ğylym, 1999-260 b.-kitap
- 10 Qazirgi Abaitanudyñ özekti мәseleleri (ūjymdyq monografiya) – Almaty: Ğylym, 2002-274 b.-kitap
- 11 Abai. Öleñ – sözdiñ patşasy. - Semei – Jidebai: Halyqaralyq kluby, 2006 – 543 b. - kitap
- 12 Tlesova Elvira, Hoich Aijan, Kuraş Nazerke \\Qazaqstan Respublikasy Ūlttyq ğylym akademiasynyñ Habarlary. Qoğamdyq және gumanitarlyq ğylymdar seriesy. 5 (321), 2018j \\ <https://orcid.org/0000-0001-7057-0461>;-maqala.